

Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 1995 жылдың қазан-желтоқсан айларында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1995 жылғы 2 қазан N 2474

"Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" 1993 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының Z939000_13-бабына сәйкес қаулы етемін:

1. Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер 1995 жылғы қазан-желтоқсанда Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарынан запасқа шығарылсын.

2. 1995 жылғы қазан-желтоқсанда шақыру күніне дейін 18 жасқа толған, әскери қызметке шақырылуын кейінгі қалдыру құқы жоқ ер азаматтар, сондай-ақ шақырылуын кейінгі қалдыру құқынан айырылған азаматтар Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне қызметке шақырылсын.

3. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, жергілікті атқару органдарының басшылары жергілікті өкілді органдармен бірлесіп облыстық, қалалық және аудандық шақыру комиссияларының жұмысын қамтамасыз етсін, сондай-ақ шақыруды ұйымдасқан түрде өткізу және мерзімді әскери қызметін өткеруге шақырылған азаматтарды әскерге жөнелту жөнінде қажетті шараларды қолданатын болсын.

4. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Бас прокуратурамен бірлесіп, мерзімді әскери қызметке шақырылудан жалтарған адамдарды іздестіру және оларды қылмыстық жауапкершілікке тарту шараларын қолдансын.

Қазақстан Республикасының
Президенті